

**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ**  
**8D03103 – Әлеуметтану**

<b>Пәндер циклі</b>	<b>Пәндер атауы және олардың негізгі бөлімдері</b>	<b>Кредит көлемі (ECTS)</b>
<b>КП 2</b>	<b>КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ</b>	<b>43</b>
1.	<b>Жаһандану теориясы және ұлттық мемлекеттердің трансформациялануы</b>	<b>5</b>
<p>Қазіргі қоғамда біз қоғамның қазіргі заманғы үлгілерінің дәрменсіздігін, дағдарысын және дамудың жаңа, неғұрлым ұтымды, гуманистік және тиімді үлгілерін іздестіруді байқаймыз. Жаһандану процесі және ұлттық мемлекеттердің трансформациясы-мемлекеттер дамуының ажырамас элементі. Курстың мақсаты өзара тәуелділік процесі ретінде ұлттық мемлекеттердің трансформациялануын талдау, қазіргі заманғы әлем дамуының маңызды үрдістерін, аймақаралық қатынастарды интеграциялау болып табылады.</p>		
2.	<b>Социологиялық зерттеудегі теория, эмпирика және праксеология</b>	<b>5</b>
<p>Қазіргі қоғамның әлеуметтік үдерістерінің қалыптасу және даму заңдылықтарын зерттеу. Ақпарат қасиеттері мен ерекшеліктерін зерттеу қазіргі қоғамда өзекті болып табылады. Ақпараттық үдерістерді талдау, ақпараттық қоғамның қазіргі заманғы теорияларының негіздерімен танысу; қоғамдық даму кезеңі ретінде ақпараттық қоғамның ерекшеліктері; әлеуметтік қызмет саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кең көлемде пайдаланумен байланысты әлеуметтік-экономикалық трансформацияларды пәнаралық талдау.</p>		
3.	<b>Ақпараттық қоғамның әлеуметтік –институционалдық базасы</b>	<b>5</b>
<p>Мемлекеттің қазіргі әлеуметтік дамуындағы цифрландырудың рөлі мен орны. ақпараттық қоғамның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері, ақпараттың маңызды ерекшеліктері. Ақпараттық үдерістерді талдау, ақпараттық қоғамның қазіргі заманғы теорияларының негіздерімен танысу; қоғамдық даму кезеңі ретінде ақпараттық қоғамның ерекшеліктері; әлеуметтік қызметтің түрлі салаларында коммуникациялық технологияларды кең ауқымда пайдаланумен байланысты әлеуметтік-экономикалық трансформацияларды пәнаралық талдау.</p>		